



КАНСОРФЫЛЛАТАР МЕН ЖАНСОРФЫЛЛАТАР ӘЛЕМІ

Қорқынышты әңгімелерге, фильмдерге адамның қызығушылығы зор. Бала кезіміздің өзінде ойымыздан не түрлі әңгіме құрастырып айтатын едік. Ұзақ жыл бос тұрған үй немесе зират маңайында болған тылсым оқиғалар турасында түрлі әңгімелер өрбитін. Рас-өтірігіне көзіміз жетпейді, ақ jelken

әрине. Маңыздысы ол емес, тек қорқып, денеміздің түршіккенін ұнатар едік. Осы бір қорқынышқа деген құмарлық неден шықты? Біз естіген әңгімелердің түбі қайда? Осы сауалдар айналасында әдебиеттанушы ғалым, М.Әуезов атындағы әдебиет институтының қызметкері Гүлмира Сәулембек ханыммен әңгіме өрбіттік.



– Хоррор жанрындағы фильмдер көп көрілім жинайтын туындылар қатарында. Яки адам қорқуға құмар-ақ. Себебін қалай түсіндіруге болады?

– Хоррор жанры ғана емес, адам санасынан тыс ирреалды, ақыл шекарасына сыймайтын тылсым дүниелердің барлығы ерте заманнан бері адамдардың қызығушылығын оятқан. Адамдардың осы қызығушылығы болмаса, ғылым да дамымас еді. Хоррор соның бір тармағы ғана. Дегенмен қорқынышты жанрға деген қызығушылық – көбінесе жас жеткіншектерге тән әуестік. Бұл олардың терең сезімдерге деген қажеттілігінен туындайды.

– Әлем фольклорындағы қорқынышты әңгімелер генезисін ашып берсеңіз немесе қорқынышты кейіпкерлер қалай пайда болды?

– Әлем фольклорында қорқынышты әңгімелер мен кейіпкерлер көптеп кездеседі. Қорқынышты әңгімелер мен кейіпкерлер де көп жағдайда бүкіл әлем фольклорына ортақ болып келеді. Ортақ мотивтерден туындайды. Тек жергілікті ерекшеліктерге байланысты қосалқы қасиеттерге ие болып жатады. Мысалы, қазақ фольклорындағы Жалмауыз кемпір түркі тілдес халықтардың барлығында бар, ал орыс халқының Баба Ягасы да біздің осы кейіпкерімізге тән қасиеттерге ие. Адам жегіш бір көзді дәуіміз ежелгі грек мифологиясындағы циклоптармен парпар. Дегенмен біздің фольклорымызда даланы кезген аруақтар, жын-перілер көптеп кездессе, ежелден

отырықшы күн кешкен Еуропа халықтарында – қорғандағы елестер мен қансорғыш вампирлер, теңіз-мұхиттармен шектесетін елдердің фольклорында су астында өмір сүретін кейіпкерлер (сиреналар, су перілері, русалкалар, Ермуганд, гидра) молынан ұшырасады. Енді бұл сан алуан кейіпкерлер адам санасының сәби кезеңіндегі таным-түсініктеріне, наным-сенімдеріне байланысты туындап отырған. Бүгінгі әңгіміміз мистикалық вампиризм туралы болып отырғандықтан, вампир образының генезисіне бақылау жасайықшы. Мәселен біздің фольклорда Жалмауыз кемпір, дәулер еске түседі. Бұл есте жоқ ерте замандардағы аштық салдарынан кәдімгі адамдардың жан бағу үшін қалыптан тыс әрекет жасауынан туындауы мүмкін. Әлем халықтарының мифологиясында вампир образы кеңінен таралған. Ежелгі Вавилон демонологиясындағы Лилу, шумер мәдениеттеріндегі Акшар, филиппин, үнді, армян, рим мәдениеттерінде де өз атауларымен кездеседі. Венгр, румын, т.б. славяндық Еуропа халықтары аңыздарында қылмыскерлер, өзіне қол салғандар, табиғи өліммен өлмегендер, жабайы аңның (қасқыр) талауына түскендер вампирлерге айналады деген аңыздар жетіле келе түрлі сипатқа ие болды. Біздің қазіргі санамыздағы вампир образын фильмдер қалыптастырды. Вампир дегенде азу тістері өсіңкі, үшкір, жарғанат тектес кейіпкер елестейді. Бұл – вампир туралы аңыздарға қосалқы бейне. Мұның да





жергілікті жерге, тарихқа байланысты себептері бар. Отырықшы күн кешкен Еуропа халқы қамалдарын ауыстырып отыратын болған. Иесіз қалған қамалдар шын мәнісінде жарғанаттардың мекеніне айналған. Жарғанаттардың кейде адамдардың қанымен де қоректенетіні және оның ұйықтап жатқан адамды дәл таба алатын сезімталдығы, өте жылдам қимылдауы, жер бетімен ұшуы сынды ерекшеліктеріне қоса, қорған тұрғындарының сол қорғанда жерленетіні ежелгі аңыздың осылайша дамуына себеп болған дей аламыз.

– Мистикалық әдебиет ішінде вампиризм тақырыбы ерекше орында. Шығармалар да, кинолар да жеткілікті. Осы әдебиет пен өнердегі вампир образы туралы кеңінен ашып айтып берсеңіз.

– Вампиризм туралы шығармалардың ішіндегі ең әйгілісі – Брэм Стокердің «Дракула» романы. Романтикалық желімен жазылған көлемді романында Б.Стокер жалпы вампир образының басты ерекшеліктерін орнықтырды. Дж.Полидорий «Вампир» повесінде адам қанымен қоректенуінен өзге әзәзілдік сипаты басым, өз табиғатын ешбір қиындықсыз жасыра алатын, қоғаммен үйлесім тапқан вампир образын жасап шықса, Б.Стокер вампирге өлілердің жанын басқара алу, ауа райын басқара алу (тұман мен жай түсіру), жан-жануарларға айнала алу, тұманға айналып ену қасиеттерін орнықтырды. Оның осындай дүлей табиғатына қоса, сарымсақтан, ағын судан қорқу,

айнадағы бейнесінің болмауы, рұқсатсыз кіруге шектеу, айқышқа шегеленуден немесе қатысудан бас тарту сынды әлсіз жақтарын да сипаттап берді. Вампир образы өліп, қайта тірілу үдерісін бастан кешірсе, кейде қасқыр сынды жануарлардың талауынан кейін қансорғышқа айналған. Тағы бір ерекшелігі, вампирге тынығу уақытында өз туған жерінің топырағы қажет деген ерекшелікті де осы шығармада орнықтырды.

– Әлемдік әдебиеттегі вампиризм тақырыбы кімнен басталады?

– Жалпы әдебиетке мистикалық вампиризм тақырыбын алғашқылардың бірі болып «Коринф қалыңдығы» (1797) балладасы арқылы И.В. Гете әкелген. Одан кейінгі шығармалар тізбегін Дж.Полидоридің Дж.Байрон әңгімелерінің желісімен жазылған «Вампир» повесі (1819), А.К. Толстойдың «Упырь», «Семья Вурдалаков» әңгімелері, Брэм Стокердің «Дракула» (1897) романы жалғастырады. Бұл тізбекті тоқтаусыз жалғастыра беруге болады.

– Қазақ әдебиетінде вампиризм тақырыбында жазылған шығармалар бар ма?

– Қазақ прозасындағы мистикалық вампиризм тақырыбына алғашқылардың бірі болып қалам тартқан жазушы М.Мағауиннің «Қуыршақ» деген көлемді әңгімесіне де әйел вампирдің жан қуатын ер адамнан толықтырып отыратыны желі етіп алынған. М.Мағауин шығармасындағы вампир образы да адамдар арасында өмір сүретін ерекше жаратылыс иесі



ретінде көрініс тапқан. Жазушы қалыптасқан вампир образының типологиялық белгілерінің барлығын қолданбайды, ол әдепкі таптаурындардан бас тартып, вампиризмнің жаңа сипатын ашуға тырысады. Шығарма кейіпкері әдеттегідей қанмен емес, адам қуатымен қоректенеді. Мұндағы жансорғыш кейіпкер – физиологиялық ауытқушылығы бар кәдімгі қатардағы адам. Ауық-ауық адам қуатына мұқтаж болатын кейіпкердің қараңғылықты ұнататын тұсы – өзінен бұрынғы вампирлік прозадан ауысқан элемент. Автор вампиризмге ғылыми сипат бергісі келген, дегенмен мистикалық сарыннан бас тартпаған. Мұндағы мистикалық сарын басқа арнада дамиды. Автор африкалықтардың нанымдарындағы Вуду немесе вольт қуыршақтарымен жасалатын қара магия элементтерін сюжеттің мистикалық сипатын қоюландыру үшін қолданады. Вольт қуыршақтары адамның рухын қуыршақтарға көшіру арқылы жадылап өзіне қарату, денсаулығына зиян тигізу, т.б. мақсатымен де жасалатын болған. Вуду дінінде жасалатын сиқырға кинематографияның қосқан үлесі вуду қуыршақтарын ойлап табуы еді. Алғашында қиялдан шыққан дүние болғанымен, қазіргі қара магия оны кеңінен қолданып, символдық мәнге ие болған. Автор Вуду қуыршақтарының қалыптасқан символикалық мәнін шығармасына арқау еткен. Олай дейтін себебіміз, Қуыршақ қыз сыйлаған қуыршақтың зәңгі (қара нәсілді) тектес болуы африкалықтардың

осынау нанымдарына тұспал жасап тұрғандай.

– Вампирлердің өздеріне тән ерекшеліктері барын айтып өттіңіз. Айнада бейнесінің болмауы, сарымсақтан қорқуы деген секілді... Болашақта жазылатын шығармаларда бұл образдар толығына түсуі мүмкін бе? Жалпы оның әдебиеттегі даму жолы қандай болды?

– Вампиризм тақырыбы аясындағы жоғарыда аталған әйгілі шығармалар вампир образының типологиясын қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Осы авторлар қалыптастырған образды негізге алып көптеген шығармалар жазылды. Дегенмен әрбір кезең тудырған тенденцияларға сәйкес вампир образы да өзгерістерге ұшырап отырды. ХХ ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропа және АҚШ-та қалыптасқан әлеуметтік ғылымдар саласындағы анархиялық сипат, толеранттылық мәселелері де әдебиеттегі вампиризм тақырыбын айналып өтпеді. Уақыт пен кеңістіктің өзгеруі вампирлік парадигманың дамуында ерекше із қалдырды.

Вампир образының әдебиетте әлеуметтік сипат алуына Энн Райстың (1976) «Вампир хроникалары», «Вампирмен сұқбат» шығармаларында вампирлер құбыжықтық сипатынан арылып, көпшілікке ұқсай бермейтін, сонысынан да жапа шегетін адам бейнесінде сипатталды.

– Көркем шығармалардан кейін вампиризм тақырыбы кино саласында сәнге айналды. Шығарманың өзегі бір

болғанымен, бірін-бірі қайталаудан қашқақтаған шығармалардағы вампир образы бастапқы қалыбынан түбегейлі өзгерістерге ұшырады. Бастапқыдағы мифологиялық тамырларынан ажыратылып, таза ғылыми дәйектерге сүйенетін шығармалар да пайда болды. Тіпті вампирлерге деген жағымсыз көзқарасты ерекше табиғи құбылысқа ие жандар ретінде аяушылыққа ұластыруға тырысқан шығармалар да кездеседі.

Осы әлеуметтенуге қарсы тағы бір вампирлік парадигма пайда болды. Мұнда адамдармен қатар өмір сүретін вампирлер қауымын және олардың бір-бірімен жауығуын көрсететін шығармалар, фильмдер легі пайда болды. Бір-бірінің орнын алмастырып отырған парадигмалар ішінде әуел бастан еркектерді вампирлердің орнын әйелдерді вампирлер баса бастады. Түркілік мифологиядағы Жалмауыз кемпір, сонымен қатар Шығыс және батысеуропалық шығармаларда ішінара кездесетін әйел вампирлер образынан кейінгі мәдени образ ретінде әйел текті вампирлердің орнығуына Гетенің – «Коринф қалыңдығы», Теофил Готьеңің – «Өлі сұлудың махаббаты» (1836), Эдгар Аллан Поның – «Береника» (1835), «Морелла» (1835), «Лигейя» (1838), «Элеонора» (1841), Джозеф Шеридан Ле Фанюдің «Кармила» (1871-1872) шығармалары үлес қосты.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұқбаттасқан
Досхан ЖЫЛҚЫБАЙ
aq jelken